

## №13 лекция. XVIII ғасырдағы Рококо және классицизм стильдері, өнер бағыттары.

### *Дәрістің мақсаты:*

XVIII ғасырдағы Рококо алғашқы кескіндеме бағыты батыс Еуропада қарқынды дамуымен ерекшеліктерін көрсету. Заманауи театр өнері туралы пікір қалыптастыру.

**Кілт сөздер:** Эспрессионизм, Баухауз, Дадаизм, Конструктивизм, Кубизм Орфизм, Примитивизм, Систематизм, Суперматизм, Сюрреализм, Футуризм

### *Дәрістің жоспары:*


1. Модерн өнері
2. Борокко өнері
3. Рококо өнері

Рококо (фр. rococo), рокайль - 18 ғасырдың 1-жартысы мен орта кезіндегі Еуропа өнерінде сарай зиялылары мен мәдениетімен байланысты туған стиль. Ұлу қабыршағының түріне ұқсас рокайль өрнегінің атына байланысты аталған. Францияда абсолютизм тоқырауға ұшыраған кезеңде пайда болған. Сәулет әнерінде Рококо, негізінен, ғимарат интерьерін нақыштау ісінде кең қолданылды. Алуан айшықты өрнек салу, айна, панно - Рококоға тән белгілер. Бұл салада белгілі болған архитекторлар: Францияда Ж.М. Онпенор, Ж.О. Мейсонье, Ж.Бюфран; Германияда И.Б. Нейман, М.Д. Пзеппельман, Г.В. Кнобельсдорф. Ықшамдылық, нақыштау ісіндегі нәзіктік пен образды тым сұлуландыру барысындағы үстірттік, мифологиялық, пасторальдік, көбіне жеңіл эротикалық сюжетке бой ұру - бейнелеу өнеріндегі Рококо стиліне тән қасиеттер. Әсем әрі жеңіл пошым мен ашық та ұнамды бояу үндестігі, экзотикалық мотивтер Рококо декорация өнерінің негізгі ерекшелігі болып табылады. 18 ғасырдың орта кезіндегі орыс декорация өнерінде В.В. Растрелли мен С.И. Чевакинский шығармасынан Рококо белгілері байқалды.

Модерн (фр. Art Nouveau — жаңа өнер, нем. Jugendstil — жастар стилі, англ. Style Liberty — бостандық стилі)-20 ғасырда(1890-1905) дамыған халықаралық өнер стилі. Модерн кезеңі қысқа кезеңді 1880-жылдың соңы мен 1914 жылды қамтиды, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Еуропаның көптеген қалаларында өнердің дамуына жол ашты. Модерн кезінде ескі өнер түрлерін жаңарту қолға алынды. Модерн суретшілері үйреншікті нормалар мен шекараларды өзгертті. Модерннің негізгі мақсаты жаңа әдістер, стильдер, формаларды қалыптастыру болды.

Модерн атауы әр елде әр түрлі. Орыс тілді «модерні» басқа тілдерде кездеспейді. Ал Батыстағы бұл стильдің ең танымал атауы «АР-Нуво» (Art Nouveau).Сондай-ақ бұл стильдің— «Тиффани» деген атауы АҚШ-та белгілі,

«Югендстиль» Германияда, «Сецессион» Австрияда, «Модерн Стайл» Британияда белгілі.



А.Муха Зодиак

Модерннің суретшілері әр түрлі формаларды қолданды: грекиялық архаика, крит-микендік өнер, антикалық классика, Қытай, Жапония жеріндегі экзотикалық өнер, готика мен ренессанс, этрусктар мен француздардың рококо өнері. Модерннің негізгі ерекшелігі бүтінділікке, пластикалық бет-пішінге жіне ішкі бейнеге деген ұмтылыс, сәнді және конструктивтік элементтердің болуы. Модерн өкілдері кеңістіктегі өздері сәндеген картиналар мен шпалерлердің, жиһаздар, шыныдан жасалған бұйымдардың, ас үй құралдарының, сондай-ақ киімдердің стилистикалық бірлігін қамтамасыз етуге тырысты. Модернде суреттің сәнділігі мен екі өлшемділі маңызды болды. Сондай-ақ сәндеу заттарының не үшін қажет екендігінің маңызы жоқ. Француз модернінің өкілі Поль Гоген мен оның замандастары. Сондай-ақ Ар-Нувоның танымал өкілдерінің Анри де Тулуз-Лотрек. Ар Нувоның дамуында архитектор Эктор Гимар, зергер Рене мен шыны мен жиһаз шебері Эмиль Галленің орны ерекше болды. Бельгиядағы Ар Нувоның белгілі өкілі архитекторлар Анри ван де Велде мен Виктор Орт болды. Ал Испанияда архитектор Антони Гауди болды.

Ұлыбританияда 1880-жылы бұл стиль кітаптарды сәндеуде қолданылды. Ар Нувоның белгілі суретші-графигі Обри Бердсли болды; ол әдеби шығармаларға суреттерді кірістірді. Модерн стилінің тағы бір өкілі шотландиялық архитектор және дизайнер Ч. Р. Макинтош болды. Оның еңбегі европалық архитектура мен өнердің дамуына зор әсер етті.

«Архитектуралық стильге» «үш бастаманың бірлігі-пайда, беріктік, сұлулық» деген анықтама беріп, ол туралы түсінік қалыптастыру. Бұл сөз «витрувиандық триада» деп аударылады; үш аспектіні біріктіреді:

функциональдық; конструктивтік-техникалық және технологиялық; идеялық-суреттеу; рухани-эстетикалық.

«Архитектуралық стиль»-қазіргі кездегі және белгілі аймақтағы тұрақты стиль:

-жоспарлау шешімі қабылданады;

-конструктивті-техникалық және технологиялық әдістер қолдану;

-архитектуралық-көркемөнерлік образды қалыптастыратын суреттеу әдістері.

1945 жылы архитектурадағы авангардтың жетекшісі АҚШ болды; 20-30 жылдары бұл жерде Вальтер Гропиус пен Людвиг Мис ван дер Роэ сияқты эмигранттар болды. Соңғысы арнайы қорапша жасауды көздеген еді. Мис ван дер Роэдің ықпалымен Америка мен Европада көптеген административті ғимараттар салынды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы 10жылдықта АҚШ архитекторларына қарсы Италия мектептері, Скандинавия, Мексика, Бразилия, Япония өнері болды.

Еуропадағы архитектураның негізі қала құрылысы болды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қиратушылық(когда Роттердам, Ковентри, Гавр, Ганновер) архитекторларға жаңа қала түрін салуға мүмкіндік берді. Құрылыс жұмыстары 1943 жылғы Халықаралық конгресстің «Афина хартиясына» сәйкес жүргізілді. Оның негізгі мақсаты қала мен қоршаған орт арасындағы тепе-теңдікті сақтап қалу. 1945-50 жылдары Огюста Перренің бастамасымен құрылыс жұмыстары жүргізілген Гавр қаласы бұл хартия бойынша қалпана келтірілмеді. Құрылыс оның оның Франциядағы роліне сәйкес болды.

50-ж. Ортасынд құрылыс техникасы революцияны басынан өткерді. Бетон, алюминий, пластмасс, синтетикалық пленка сияқты құралдар көптеп қолданылды. Осы кезеңде Оскар Нимейераның платикалық формалар ментехника және функционализм туралы пікірінің дұрыстығы дәлелденді. 50-ж. Ортасында Батыс архитектурасы әр түрлі әлем түрінде болды; Англияда туындаған бағыт-брутализм (ағыл. brutal — «дөрекі»)болды; ол архитектурның негізі құрылыс деп білді. Бұған мысал ретінде Лондондағы «Экономист» журналының баспа ғимараты (1964 ж., архитекторлар Элисон мен Питер Смитсоны). Ол кездегі негізгі өнер барокко болды; ирек сызықты формалар мен тірі табиғат конструкциясы негіз болды.

60-ж. аяғы Батыс мәдениетіндегі «құндылықтарды бағалау» кезеңі болды. 20-ж. пайда болған архитектуралық өнердің дұрыстығына күмән келтіріле бастады. 70-90ж. жетекшілік еткен архитектура түрі постмодернизм болды.

Постмодернист архитекторлар ыңғайлылық пен сәнділік үшін логика мен стиль тазалығынан бас тартты. Бұл ғимараттар әртүрлі формадан тұрды. Кейбір ғимараттарда антикалық-ренессанстық құрылыс түрлері кездеседі.

Брутализм (ағыл. brutal — «дөрекі») ХХғ. Екінші жартысындағы интернационалдық стиль. ХХғ. Ортасында брутализм архитектуралық стиль ретінде қабылданды.

Брутализмнің негізін қалаушы британдық ағайында архитекторлар Алисон мен Петер Смитсон болды.

Солтүстік Америкалық және Европалықтардың эстетикалық талғамы жаңа архитектуралық стильдің қалыптасуына бастама болды.

Драматург Ж. Ануяның шығармашылығы туралы халық «Ануяның әлемі» деп айтады. Соған қарамастан оның шығармаларының негізгі кейіпкерлері тазалық пен бүтіндіктің бейнесі болып табылады. «Антигона»(1944) пьесасының негізгі кейіпкері Антигона соған дәлел. Бұл пьесада екі кейіпкер негізге алынады: билікке ие болған Кроена мен оған бағынышты Антигона. Ол корольдің тыйымына қарамастан ағасын жер қойнауына тапсырады. Антигона баринен де бас тартады. Соғыс жылдары жазылған шығарма антифашистік бағытта болды.

XXғ. Француз драматургы Ж. Жироду(1882-1944)-дипломат, 1939ж. соғыс кезіндегі ақпарат министрі, ол романист жазушы, сыншы, эссеист болды; әртіс Жувемен кездесуден кейін өзін театрға арнады. Оның пьесалары әртүрлі болды: заманауи және антикалық, трагедиялық және фантастикалық, қорқынышты және күлкілі. Мысалы: «Электра» мен «Трояндық соғыс болмайды».

Француз театрының екі соғыс кезеңіндегі теоретигы ақын әрі ойшыл П. Валери(1871-1945) болды. Ол театрдың екі түрі: Храм мен Гиньоль туралы жазды. Екіншісі «белгілі уақыт арасындағы тазалықты беруге» қабілтті «мерекелік мистерия». Валери литургия түріндегі театр ашуға тырысты.

Композитор Онеггермен бірге «Амфион» балетін жазып; оның тұсау кесері 1931 ж. 23 маусымда Париждегі операда Ида Рубинштейннің бастамасымен өтті.

«Жан мен би» пьесасында кейіпкерлердің тілімен Валери балет туралы пікірін білдіреді.

«Құдай бәрін жоқтан жасады, сол жоқ әр жерден көрінеді» деген пікірді Валеридің «Жаман пікірінен» көреміз.

Ж.-П. Сартр мен А. Камю драматургиясы. Драматург болған философтар Ж.П. Сартр мен А. Камюдің экзистенциалдық көзқарасы драмалық өнерде көріне бастады. Сартрдың адам трагедиясының көрінісін «Шыбындар», «Қазусыз өлілер», «Лас қолдар», «Шайтан мен мейірімді Құдай» шығармаларынан көреміз.

«Еңбек театры» мен «Алжир радиосында» қызмет еткен Альбер Камю Екінші дүниежүзілік соғыс алдында өзінің шығармаларының жартысын жазды; ал 1945 ж. «Түсінбестік» пен 1944 ж. «Кальгулдар» шығармасын жазды. Камю әлемдегі қиындықтардың емі жоқ деп есептеді. Оның пікірінше «оған ем болатын «ақылдылық» деп есептеді, оны уақыт өте келе дамыту қажет» деген пікір қалдырды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Европадағы театр экспериментін неміс драматургы Б. Брехт(1898-1956) жалғастырды; ол эпикалық театр концепциясын ұсынды. Бұл концепция бойынша спектакль адамның сезіміне емес, ақылына әсер етуі қажет пікір қалыптасты. Оның «Үш тиындық опера»

(«Кедейлер операсының» инсценровкасы Дж. Гей, 1728), «Галмей өмірі» (1939), «Артур Уи карьерасы» (1941), «Мамаша Кураж» (1971), «Кавказ шеңбері» (1949) ж/е т.б. пьесалары антисоғыстық бағыт пен заманауи қоғам сыншысы екенін көрсетеді.

«Жаңа театр». 1950-ж. Францияда «Жаңа театр» құрылды. Бұл театрдың негізін қалаған С. Беккет, Э. Ионеско, А. Адамов болды. Бұл бір жағынан театр тілі мен құрылымын өзгерту тәсілі; екінші жағынан соғыс пен атом бомбасының қорқынышын көрсету болды. 1952 ж. қойылған Беккеттің «Годо күту» пьесасы- абсурдтың белгісі пьесасы. Ионесканың пьесаларының негізгі ойы тілдің байланыс құралы ретінде пайдасыздығы болып табылады.

XXғасырдағы дағдарыс туралы пікірдің қалыптасуына жоғарғы мысалдар дәлел болады. XX ғ. Мәдениет емес, дағдарыстың көрінгісі болған бір оқиғаны атап өткен жөн. Ол Европаның көп бөлігіне тән ғылыми-техникалық революциясы.

Соңғы екі онжылдықтағы Францияның театр өмірі Европадағыдай әр түрлі болды. Қазіргі кезде Парижде театрлар саны 50-ден асады; олардан Шекспир, Корнель, Расин, Чеховтың - «Комеди Франсез» бен «Одеоне» пьесаларын; заманауи драматургтар Беккет пен Ионесконың авангардтық театрдағы шығармаларын көруге болады. Авиньоне, Оранже, Ниме және басқа да Франция қалаларында, ежелгі рим ареналары мен ортағасырлық сарайларда театр фестивальдары өткізілді.

Ондай іс-шаралар Италияда да жүргізілді: Форум, Колизей, Каракалла Термінде өзінің кересеттілігімен таңқалдыратын спектакльдар көп болды. Вердидың «Лида» шығармасы ерекше әсер қалдырады.

Бұның бәрі жаңа театр формаларын іздеу тәсілі. Оның тамаша мысалы Париж Спорт сарайындағы қойылған Р. Оссейнның «Париж құдай анасынысобоының», «Дантон и Робеспьер», «Назареттен келген адам», «Броненосец Потемкин» шығармалары.

Клад Каррер ағылшын режиссеры Питер Брукпен бірлесіп «Буф дю Нор» Париж театрында ежелгі үндістердің «Махабхарата» эпосын қойды. Ол эпос 3 күн кешінде немесе 12 сағат қатарынан қойылып отырды. Европадан келген көрермендер де көр болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Модерн стилін сипаттаңыз?
2. Рококо стилінің ерекшелігі?
3. Борокко стилінің ерекшелігі?

**Әдебиет:**

Мастерство актера в терминах и определениях К.С.Станиславского. М., 1961; Зограф Н.Г. Малый театр в конце 19-20 веков. М., 1966; Толстых В.И. Эстетическое воспитание, М., 1984; Хайченко Г.А., Страницы истории советского театра, М., 1983.